

**С.Оразалин атындағы ЖОББМ асық ату ойыны үйірмесінің  
тұжырымдамасы  
(2023-2024 о.ж.)**

**Үйірменің атауы:** Асық ату ойыны

**Кластары:** 5-сынып оқушылары

**Өткізілетін уақыты:** Дүйсенбі 9.40-10.25

Сәрсенбі 9.40-10.25

Бейсенбі 9.40-10.25

**Мұғалімі:**

2023-2024 оқу жылының басында үйірменің жоспары педагогикалық кеңестің шешімімен бекітілді. Үйірмеге қатысатын ер балалар саны-18. "Асық ату" бағдарламасында жыл бойына 102 сағатқа аптасына 3 сағаттық бағдарлама қарастырылған.

Үйірменің мақсаты – ұлттық асық ойынын жандандырып, жоғары деңгейде оқушылардың ұлттық ойынға деген қызуғушылығын қалыптастыру.

Отанға сүйіспеншілігі мол, білімді және білекті тұлға қалыптастыру үшін асық ойындары арқылы сабақта және сабақтан тыс ықпалдастырылған пәндерді жүргізу қажеттілігі туып отыр. Асық ойыны баланың жастайынан жүйке жүйелерін шыңдап, оларды дәлдікке, ұстамдылыққа, байсалдылыққа тәрбиелейді. Осындай қасиеттері болмаса, адам ойында да, өмірде де көздеген мақсатынан шыға бермейді.

Оқушы асық ойынын ойнау барысында күтілетін нәтиже: асық ойнау барысында логикалық ойлау қабілетін арттырады; асық ойыны арқылы негізгі пән аралық байланыс жолға қойылады; ойындар арқылы логикалық тапсырмаларды жылдам орындайды; ұлттық ойындардың білімдік маңызы қозғалыс қасиеттерінің дамуымен бір мезгілде қозғалыс дағдылары да жетіледі. Оқыту барысында оқушылар болашақ маман иесі ретінде икемдік, ойынның түрлі әдіс тәсілдерін жетік меңгеріп орындай алады және өз жұмыстарын қортындылап, дәлелдеп береді. Алдымен баланың ұлттық спортқа, асық ойынына деген қызығушылығы пайда болады, ойынға деген бейімділігі мен икемділігі қалыптасады, ойлау қабілеті артады, өз идеясы, өзіндік пікірі, көзқарасы қалыптасады, жаңа әдіс тәсілдерді меңгеруде ізденіс пайда болады, жаңа қабілеттері ашылады, шеберлік, іскерлік дағдылары шыңдалады, кәсіби шеберлігі өседі.

**Нәтижелері:**

22-наурыз Ұлыстың ұлы күніне орай ұлттық ойындарымызды дәріптеу мақсатында «Асық ату» ойыны бойынша мекепішілік сайыс өткізілді. Нәтижесі бойынша 1-орынды Өміржан Алихан, 2-орынды Алтынбекұлы Байрам, 3-орынды Мешітбай Бекназар жеңіп алды. Оқушылар марапатталды.



#### **Алдағы міндеттер:**

- Мектеп базасында дене тәрбиесі сабағында алған білімдерін шыңдап шеберліктерін қосымша білім беру арқылы әрі қарай дамыту оқушының дарынын ашу.
- Асық ойынын жетік меңгере алатын тұлға қалыптастыру.
- Асық ойыны сондай-ақ ептілікке, мергендікке, ұқыптылыққа, сергектікке баулу, қазақтың ұлттық ойындарын білуге құштарлығын аттыру.
- Қазіргі ұрпақтың санасына алыстап бара жатқан бабаларымыздың ұлттық ойын түрлерін әсіресе асық ойынын жандандыру.